

Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 85 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 7 сәуірде № 20327 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәселелері" 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 203) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 01.10.2025 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрі

М. Мирзагалиев

Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 203) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 17.06.2024 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кең таралған пайдалы қазбалар - құрылыс және өзге де шаруашылық мақсаттарында табиғи күйінде немесе болмашы өңделумен және тазартыла отырып пайдаланылатын және жер қойнауында кең таралған кендік емес пайдалы қатты қазбалар.

Кең таралған пайдалы қатты қазбаларға мыналар: мәрмәрлар, кварциттер, кварцты-далалық шпат жыныстары, граниттер, сиениттер, диориттер, габбро, риолиттер (липариттер), андезиттер, диабаздар, базальттар, вулкандық туфтар, шлактар, пемзалар, вулкандық шынылар және шыны тектес жыныстар, ұсақ жұмыр тастар мен қиыршық тастар, қиыршық тас-құм (құмды-қиыршық тас) қоспалар, құмдар және құмдауықтар, саздақ және саздақты жыныстар (суглинкілер, алевролиттер, аргиллиттер, балшықты тақтатастар), ас тұзы, гипстік жыныстар, мергельдер, әктастар, оның ішінде ұлутастар, бор жыныстары, доломиттер, әктасты-доломит жыныстары, кремний жыныстары (трепелдер, опокалар, диатомиттер), табиғи пигменттер, торфтар, емдік балшықтар жатады;

2) Қазақстан Республикасының орман қоры - Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық орман, сондай-ақ орман өсімдіктері өспеген, бірақ Қазақстан Республикасы орман шаруашылығының қажеттігіне арналған орман қоры жерлері.

Орман қоры мемлекеттік және жекеше орман қорларынан тұрады.

Мемлекеттік орман қорына:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріндегі (орманды және ағаш өспеген алқаптарды қоса алғанда) табиғи және қолдан өсірілген ормандар;

табиғи және қолдан өсірілген ормандар, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі орман шаруашылығының қажеттері үшін берілген, орман өсімдіктері өспеген жер учаскелері;

халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральды құбырлардың және басқа желілік құрылыстардың белдеулеріндегі ені он метр және одан көбірек, алаңы 0,05 гектардан астам қорғаныштық екпелері жатады;

3) орман дақылдары - орманның ағаш және бұта тұқымдыларынан қолдан өсірілген екпелер;

4) орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - орман мекемесі) – Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 4-бабы 57-тармақшасына сәйкес мемлекеттік орман қорын күзету және қорғау, ормандарды молықтыру және орман өсіру, орман пайдалануды реттеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құрылған мекеме;

5) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласында басқару, бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

6) өтініш беруші - мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 01.10.2025 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу тәртібі

3. Мемлекеттік орман қорында құрылыс жұмыстарын жүргізу, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру, электр беру желілерін, байланыс желілерін, коммуникациялар тарту және орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалануға байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау, егер бұл үшін мемлекеттік орман қорының жерін басқа санаттарға ауыстыру және (немесе) оларды алып қою қажет болмаса, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда аумақтық бөлімшелерінің келісімі бойынша облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 28.06.2024 № 143 (31.12.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Өтініш беруші мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізуді келісу үшін уәкілетті органның атына мынадай құжаттардың көшірмесін жолдайды:

- 1) орман мекемесінің жазбаша келісімі;
- 2) мемлекеттік орман қорының жер учаскесін таңдау туралы акт;
- 3) сұралып отырған жер учаскесінің шекаралары көрсетілген орман орналастыру жобасынан масштабы 1:10000 орман картасының (планшетінің) көшірмесі;

- 4) қарауына орман мекемесі жататын мемлекеттік органның жазбаша келісімі;
- 5) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің жазбаша келісімі;

6) II, III және IV санаттардағы объектіге арналған құрылыс жобаларына Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 305 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10636 болып тіркелген) Қала құрылысы және құрылыс жобалары (техникалық-экономикалық негіздемелер және жобалау-сметалық құжаттамалар) бойынша сараптама қорытындыларын ресімдеу қағидаларына сәйкес экологиялық сараптама;

- 7) уран және кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру кезінде:

уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздeндiру әдiсiмен өндiру кезiнде жер қойнауын пайдалануға келiсiмшарт немесе кең таралған пайдалы қазбаларды өндiруге лицензия;

тиiстi экологиялық рұқсат не мемлекеттiк экологиялық сараптаманың оң қорытындысының болуы.

мемлекеттiк орман қоры учаскелерiн уранды жерасты ұңғымасында шайып сiлтiсiздeндiру әдiсiмен өндiру үшiн пайдаланған кезде жер қойнауын игерудiң алғашқы үш жылы бойы пайдаланылатын учаскенiң екi есе мөлшерiнде орман екпелерiн өтемдiк (кесiлетiн тұқымдарға ұқсас) отырғызуды және орман көмкерген алаңға ауыстырылғанға дейiн оларды күтiп-ұстауды жүргiзуге орман мекемесiмен шарт жобасы.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 28.02.2024 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Уәкілетті орган құжаттар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде өтініш берушіге мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізуді келісу нәтижелері туралы дәлелді жауап ұсынады.

Уәкілетті орган құжаттарды пысықтауға кері қайтарған жағдайда өтініш беруші құжаттарды пысықтағаннан кейін оларды уәкілетті органға қайта жібереді.

6. Өтініш беруші уәкілетті органның келісімін алған жағдайда құжаттарды орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу үшін мемлекеттік орман қоры жерлерін беру туралы шешім қабылдау үшін облыстың жергілікті атқарушы органына жібереді.

7. Облыстың жергілікті атқарушы органы өтініш берушіден құжаттарды алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу үшін мемлекеттік орман қоры жерлерін беру туралы шешім қабылдайды.

Облыстың жергілікті атқарушы органының шешімінде жүргізілетін жұмыстардың атауы, оларды орындау мерзімдері, шарттары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптар, жер учаскелерін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар және оларды жүргізу мерзімдері, өтемдік орман екпелерін отырғызудың орындары көрсетіледі.

8. Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстар мемлекеттік экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық немесе экологиялық сараптамадан өткен жұмыс жобаларына сәйкес жүргізіледі.

9. Өтемдік орман екпелерін отырғызу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 18-02/681 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10119 болып тіркелген) Ормандарды молықтыру мен орман өсіру және олардың сапасына бақылау жасау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

10. Екпелерді кесу қажеттілігі туындаған жағдайда кесуді аумағынан орман қорының жер учаскелері берілетін орман иеленуші жүргізеді, алынған сүрек орман иеленушінің теңгеріміне берілуге жатады.

Екпелерді кесу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/178 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 88741 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Орман дақылдары бар болған кезде уранды жерасты ұңғымасында шайып сілтiсiздендiру әдiсiмен өндiрудi қоспағанда, шығындардың орнын толтыру есептемесi Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 203 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 132287 болып тіркелген) Орман шаруашылығы өндірісіндегі шығасылар мен шығындардың орнын толтыру қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Мемлекеттік орман қорында
орман шаруашылығын жүргізуге

Орман қорының жер учаскесін таңдау туралы акт

Қазақстан Республикасы _____ облысы
_____ ауданы _____ жылғы _____ айының _____ күні.
Орман мекемесінің өкілі _____

(лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса) тегі) бір тараптан және екінші тараптан
ереже (жарғы)
негізінде әрекет ететін мемлекеттік органның, жеке немесе заңды тұлғаның өкілі (
бұдан әрі -
өтініш беруші) _____

(лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)
төмендегілер туралы осы актіні жасады: _____

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса) тегі немесе мемлекеттік органның
немесе заңды

тұлғаның атауы) келіп түскен өтінішке сәйкес көрсетілген учаскеге тұрған күйінде
тексеру

жүргізілді.

Тексеру кезінде мыналар анықталды:

1. Учаске _____

(орман мекемесінің атауы)

_____ орманшылығының _____ орамында орналасқан.

2. Тексерілген учаскеде _____ гектар алаң бар, оның ішінде:

орман, орман көмкерген _____ гектар,

орман, орман көмкермеген _____ гектар,
 оның ішінде орман екпелері _____ гектар,
 алқаптар _____ гектар,
 шабындықтар _____ гектар,
 жайсыз жерлер (батпақтар және басқалар) _____ гектар,
 жайылымдар _____ гектар,
 жолдар _____ гектар,
 басқа жерлер _____ гектар.

3. Орман көмкерген алқап мыналардан тұрады:

Жер атауы	Орам нөмірі	Телім	Учаске алаңы	Құрамы	Ж а с сыныбы	Жуандығы	Сүрек қоры	
							кәделік	отын

4. Орман қорының санаты _____

5. Учаскенің орман шаруашылығы ерекшеліктері _____

6. Учаске мәлімделген мақсаттарға жарамды (жарамсыз), мынадай геологиялық-жер сипаттамасы бар: _____

7. Бұдан бұрын орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты
 емес жұмыстарды жүргізуге берілген жер учаскелерінің болуы және орналасуы:

(орам №, орманшылық, беру мақсаттары және учаскелер берілген ұйымның атауы көрсетілсін)

8. Беруге жоспарланып отырған жер учаскелерін пайдалану мақсаттары, бұдан бұрын

белгіленген нысаналы мақсатымен пайдалану мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі туралы

негіздеме, балама нұсқалардың жоқтығы: _____

9. Әкімшілік ауданның ормандануы _____

10. Сұралып отырған алқапты беру шарттары:

а) беру мерзімі _____

б) рұқсат етілетін тазарту және жерді томарлардан тегістеу мөлшері _____

в) учаскені алушының міндеттемесі _____

11. Акт жасау кезінде мынадай ескертпелер мен ұсыныстар жасалды:

Қолдары:

Орман мекемесінің өкілі: _____

(лауазымы, қолы, аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Өтініш беруші: _____

(лауазымы, қолы, аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

Орман мекемесінің басшысы _____

(қолы, аты, әкесінің аты (бар болса) тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК